**БЕКІТЕМІН**
**Мектеп директоры**
**Койайдаров Е.С**
**«13» 02 2026 ж.**

**№11 кемшілік**

**БАҒАЛАНАТЫН ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САЛАЛАРЫ КЕСІНДІСІНДЕ СЫНЫПТАР МЕН ПӘНДЕР БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫНА**

**ТАЛДАУ ЕСЕБІ**

**Білім беру ұйымы:** "Жалын-2021"зияткерлік білім беру мектебі"ЖШС
**Нормативтік негіз:**

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен МЖМБС
- Үлгілік оқу жоспары
- Білім беру ұйымының жұмыс оқу жоспары

---

**Математика пәні бірлестігі мұғалімдерінің КТЖ талдау ,қорытындысымен бірге**
Пән бірлестігі: Математика
Талдау уақыты: Қыркүйек, 2025 ж.
Қаралған сыныптар: 5–9 сынып
Мұғалімдер:
– Алдияр Ф (7–9 сынып) физика пәні
– Мусаев А (5–6 сынып) математика орыс топтарына
– Таубаев М (8–9 сынып) алгебра және геометрия
-Абдукодирова А (5–6 сынып) математика қазақ топтарына
- Кемелбеков Н-бастауыш сыныптар цифрлық сауаттылық пәні
-Кенжебай Д-жоғары сыныптар информатика пәні

**Талдау бағыттары:**

1. Оқу мақсаттарының сәйкестігі
– Барлық мұғалімдер оқу мақсаттарын типтік және жаңартылған бағдарламаға сай дұрыс таңдаған.
– SMART принциптеріне негізделген нақты әрі өлшемді мақсаттар бар.

2. Тақырыптардың реті мен мазмұны
– Барлық сыныптарда тақырыптар оқу жоспарына сәйкес жүйелі орналасқан.
– Қайталау, бекіту және қорытындылау сабақтары ескерілген.

3. Уақытты жоспарлау
– Апталық жүктеме мен жалпы сағат саны дұрыс бөлінген.
– БЖБ, ТЖБ өткізу мерзімдері нақты көрсетілген.

4. Оқыту әдістері мен тапсырмалар
– Сабақтарда әртүрлі әдіс-тәсілдер (саралау, деңгейлік тапсырма, белсенді әдістер) қолданылатыны көрсетілген.
– Практикалық және логикалық ойлауға бағытталған тапсырмалар бар.

5. Бағалау жүйесі
– Критериалды бағалауға негізделген: қалыптастырушы және жиынтық бағалау уақытында көрсетілген.
Бағалау критерийлері мен дескрипторлар нақты берілген.

6. Пәнаралық байланыс пен тілдік мақсаттар
– Тілдік мақсаттар математикалық терминдермен үйлесімді жазылған.
– Информатика, физика пәндерімен пәнаралық байланыс қарастырылған.

**Қорытынды:**
Математика пәні мұғалімдерінің КТЖ-лары мемлекеттік стандарт пен оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған. Барлық бағыттар қамтылған. Жоспарлау жүйелі, бағалау мен оқыту әдістері нақты көрсетілген.

**Бастауыш пән бірлестігі мұғалімдерінің КТЖ талдау және қорытындысы**

Пән бірлестігі: Бастауыш сынып мұғалімдері
Талдау мерзімі: Қыркүйек, 2025 жыл
Қамтылған сыныптар: 1–4 сынып
Мұғалімдер:
– Ендібай Г (1А-сынып)
– Есеналиева А (1Б-сынып)
– Бегалиева Б (2А-сынып)
– Маханова К (2Б-сынып)
– Керимбаева А (3А-сынып)
– Алиева Ж (3Б-сынып)
– Калимбетова С (4А-сынып)
– Юлдашева Ф (4Б-сынып)

Талдау бағыттары:

1. Оқу мақсаттарының сәйкестігі
– Мұғалімдер оқу мақсаттарын жаңартылған білім мазмұнына сай дұрыс таңдаған.
– Оқу мақсаттары нақты, қолжетімді және жас ерекшеліктеріне сай жазылған.

2. Тақырыптардың жүйелілігі
– Барлық сыныпта оқу мақсаттары мен тақырыптар жүйелі құрылған.
– Спиральді білім беру принципі сақталған.

3. Сағат пен уақыттың бөлінуі
– Апталық жүктеме мен оқу сағаттары дұрыс көрсетілген.
– БЖБ мен ТЖБ өткізу мерзімі нақты белгіленген.

4. Оқыту әдістері мен саралау
– Сабақта қолданылатын әдістер мен саралау түрлері дұрыс көрсетілген.
– Тапсырмалар әртүрлі деңгейде берілген, оқушыға бағытталған.

5. Бағалау жүйесі
– Қалыптастырушы бағалау жүйелі көрсетілген.
– БЖБ, ТЖБ уақыты мен бағалау критерийлері нақты.

6. Тілдік мақсаттар мен байланыс
Тілдік мақсаттар нақты, сөйлеу дағдысын дамытуға бағытталған.
– Пәнаралық байланыстар (көркем еңбек, дүниетану, музыка) орынды құрылған.

Қорытынды:
Бастауыш сынып мұғалімдерінің КТЖ-лары оқу бағдарламасына толық сәйкес келеді. Барлық пәндер бойынша жоспарлау жүйелі, әдістемелік талаптарға сай орындалған. Мұғалімдер критериалды бағалау мен саралауды дұрыс қолданған.

**Политехникалық пәндер бірлестігінің КТЖ талдау ,қорытындысымен**
Пән бірлестігі: Политехникалық пәндер (география,биология,тарих )

Талдау мерзімі: Қыркүйек, 2025 жыл

Қамтылған сыныптар: 5–9 сынып
Мұғалімдер:
1.Сейітжан А-биология пәні мұғалімі
2.Жунисбекова Б-география пәні мұғалімі

3.Сандыбай Ш-тарих пәні мұғалімі
4.Турабаева А-Тарих пәні мұғалімі

**Талдау бағыттары:**

1. Оқу мақсаттарының сәйкестігі
– Мұғалімдер оқу мақсаттарын ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және жаңартылған бағдарламаға сай анықтаған.
– Мақсаттар нақты, өлшенетін, жас ерекшеліктеріне сай.

2. Тақырыптардың жүйелілігі
– Тақырыптар жылдық күнтізбелік жоспар бойынша жүйелі құрылып, біріздік сақталған.
– Спиральділік және күрделену принциптері байқалады.

3. Сағат жүктемесі мен уақыттың бөлінуі
– Сағат саны дұрыс көрсетілген, БЖБ/ТЖБ мерзімі нақты.
– Қайталау мен бекіту сабақтарына уақыт бөлінген.

4. Оқыту әдістері мен тапсырмалар
– АКТ, зертханалық жұмыстар, практикалық тапсырмалар көрсетілген.
– Саралау мен жеке, топтық жұмыс түрлері ескерілген.

Бастауыш сыныптардағы ТЖБ өткізілуіне жасалған талдаудың қорытындысы төменде берілген:

Сыныптар: 1–4 сынып
Талдау мерзімі: 2025–2026 оқу жылының І жартыжылдығы

Талдау нәтижелері:

ТЖБ өткізілу уақыты кестесі :

| Сынып | Пән | **Өткізу мерзімі** | | Мұғалімнің аты жөні |
|---|---|---|---|---|
| | | І-т | ІІ-т | |
| 2А(қазақ топ) | Қазақ тілі | 22.10 | 23.12 | Бегалиева Б |
| | Әдебиеттік оқу | 23.10 | 25.12 | Бегалиева Б |
| | Математика | 23.10 | 23.12 | Бегалиева Б |
| | Орыс тілі | 20.10 | 24.12 | Темірханова А |
| 2Б (орыс топ) | Русский язык | 23.10 | 18.12 | Маханова К |
| | Лит.чтение | 24.10 | 22.12 | Маханова К |
| | математика | 22.10 | 24.12 | Маханова К |
| | Қазақ тілі | | | Ендібай Г |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3А(қазақ топ) | Қазақ тілі | 23.10 | 23.12 | Керімбекова А |
| | Әдебиеттік оқу | 23.10 | 23.12 | Керімбекова А |
| | Математика | 22.10 | 25.12 | Керімбекова А |
| | Орыс тілі | 20.10 | 24.12 | Темірханова А |
| | Шет тілі | | | Хасанова А |
| 3Б(орыс топ) | Русский язык | 22.10 | 22.12 | Алиева Ж |
| | Лит.чтение | 21.10 | 24.12 | Алиева Ж |
| | математика | 23.10 | 24.12 | Алиева Ж |
| | Англ я | | | Хасанова А |
| | Казахский я | | | Ендібай Г |
| 4А(қазақ топ) | Қазақ тілі | 22.10 | 24.12 | Калимбетова С |
| | Әдебиеттік оқу | 22.10 | 23.12 | Калимбетова С |
| | Математика | 22.10 | 25.12 | Калимбетова С |
| | Шет тілі | | | Хасанова А |
| | Орыс тілі | 20.10 | 24.12 | Темірханова А |
| 4Б(орыс топ) | Русский язык | 23.10 | 24.12 | Юлдашева Ф |
| | Лит.чтение | 24.10 | 24.12 | Юлдашева Ф |
| | математика | 23.10 | 24.12 | Юлдашева Ф |
| | Анг я | | | Хасанова А |
| | Казахский я | | | Ендібай Г |

– Барлық сыныптарда жиынтық бағалау кестеге сәйкес, оқу бөлімінің соңында өткізілген.
– Уақытылы өткізілуі мектеп әкімшілігі тарапынан бақыланған.

2. Құжаттама:
– БЖБ және ТЖБ тапсырмалары «Білім беру мазмұнын жаңарту» бағдарламасына сай құрастырылған.
– Бағалау критерийлері мен дескрипторлар нақты жазылған.
– Нәтижелері электрондық журналға уақытында енгізілген.

3. Оқушылардың нәтижелері:
–2 сынып оқушыларының көбі тапсырманы толық орындаған, тілдік дағдылар мен түсіну деңгейі жақсы.
– 3–4 сыныптарда сараланған тапсырмалар қиындық тудырған кей оқушылар болғанымен, орташа нәтиже жоғары.
– Дарынды оқушыларда ерекше нәтиже байқалған.

4. Әдістемелік қолдау:
– Мұғалімдер тапсырмаларды деңгейлеп дайындаған.
– Қажетті нұсқаулықтар мен әдістемелік көмек берілген.

# Политехникалық пән бірлестігінің БЖБ және ТЖБ өткізілуіне жасалған талдаудың қорытындысы

Сейітжан Айзада-биология пән мұғалімі
Жунисбекова Бактыгул-география пән мұғалімі
Турабаева Айымхан-тарих пән мұғалімі
Сандыбай Шолпан-тарих пән мұғалімі

Политехникалық пән бірлестігі (биология, география, тарих) бойынша өткізілген БЖБ және ТЖБ нәтижелеріне талдау жүргізілді.

Талдау нәтижесінде БЖБ мен ТЖБ оқу бағдарламасына сәйкес, бекітілген кесте бойынша уақтылы өткізілгені анықталды. Бағалау критерийлері мен дескрипторлар оқу мақсаттарына сай құрылған. Мұғалімдер тарапынан қалыптастырушы және жиынтық бағалауда әділдік пен ашықтық сақталған.

Оқушылардың басым бөлігі оқу мақсаттарын меңгергені байқалды. Жоғары және орта деңгейдегі білім сапасы тұрақты. Алайда кейбір сыныптарда оқу үлгерімі төмен оқушылардың БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын орындауда қиналатыны анықталды. Бұл көбіне теориялық білімді практикада қолдану, есеп шығару және терминдерді дұрыс қолдану дағдыларының жеткіліксіздігімен байланысты.Үлгерімі төмен оқушыларға арналған қосымша сабақтар ұйымдастырылды.Үлгерімі төмен оқушылар үшін жеңілдетілген, бірақ мазмұнды тапсырмалар дайындалды.Пәнаралық байланысты күшейтілді.Практикалық, өмірмен байланысты тапсырмаларды көбейтілді.

**БЖБ ТЖБ өткізілу уақыты кестесі:**

| Сынып | Пән | Өткізу мерзімі | | Мұғалімнің аты-жөні |
|---|---|---|---|---|
| | | Іт | ІІт | |
| 5 «А» | Жаратылыстану | 20.10 | 23.12 | Сейітжан Айзада |
| 5 «А» | Тарих | 21.10 | 22.12 | Сандыбай Шолпан |
| 5 «Б» | Естествозниание | 23.10 | 23.12 | Сейітжан Айзада |
| 5 «Б» | История | 21.10 | 22.12 | Турабаева Айымхан |
| 6 «А» | Жаратылыстану | 20.10 | 22.12 | Сейітжан Айзада |
| 6 «А» | Тарих | 21.10 | 22.12 | Турабаева Айымхан |
| 6 «Ә» | Жаратылыстану | 21.10 | 22.12 | Сейітжан Айзада |
| 6 «Ә» | Тарих | 22.10 | 22.12 | Турабаева Айымхан |
| 6 «Б» | Естествозниание | 22.10 | 22.12 | Сейітжан Айзада |
| 6 «Б» | История | 22.10 | 23.12 | Турабаева Айымхан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 «А» | Биология | 21.10 | 22.12 | Сейітжан Айзада |
| 7 «А» | География | 22.10 | 23.12 | Жунисбекова Бактыгул |
| 7 «А» | Тарих | 22.10 | 19.12 | Турабаева Айымхан |
| 7 «Ә» | Биология | 21.10 | 22.12 | Сейітжан Айзада |
| 7 «Ә» | География | 22.10 | 23.12 | Жунисбекова Бактыгул |
| 7 «Ә» | Тарих | 22.10 | 18.12 | Турабаева Айымхан |
| 8 «А» | Биология | 23.10 | 24.12 | Сейітжан Айзада |
| 8 «А» | География | 21.10 | 23.12 | Жунисбекова Бактыгул |
| 8 «А» | Тарих | 20.10 | 23.12 | Сандыбай Шолпан |
| 8 «Ә» | Биология | 23.10 | 24.12 | Сейітжан Айзада |
| 8 «Ә» | География | 21.10 | 23.12 | Жунисбекова Бактыгул |
| 8 «Ә» | Тарих | 20.10 | 22.12 | Сандыбай Шолпан |
| 9 «А» | Биология | 22.10 | 17.12 | Сейітжан Айзада |
| 9 «А» | География | 22.10 | 24.12 | Жунисбекова Бактыгул |
| 9 «А» | Тарих | 20.10 | 22.12 | Сандыбай Шолпан |

Талдау барысында:

- БЖБ нәтижелері бойынша кері байланыс жүйелі түрде жүргізілетіні;
- ТЖБ қорытындысы бойынша қателермен жұмыс жасалатыны;
- Қосымша сабақтар мен жеке жұмыстар ұйымдастырылатыны анықталды.

**Қорытынды:**

1. БЖБ және ТЖБ өткізу талапқа сай ұйымдастырылған.
2. Оқу мақсаттарының басым бөлігі оқушылар тарапынан меңгерілген.
3. Үлгерімі төмен оқушылармен жүйелі түзету жұмыстары қажет.
4. Практикалық бағыттағы тапсырмаларды көбейту ұсынылады.
5. БЖБ нәтижесін талдау негізінде сараланған тапсырмалар беру қажет.

**Математикалық пәндер бірлестігінің БЖБ және ТЖБ өткізілуіне жасалған талдаудың қорытындысы:**

**Математика пән мұғалімдерінің тізімі:**

1. Аслан Муслимович

2. Аташев Мұхтар
3. Садырбаева Анар
4. Абдуқодирова Азиза
5. Таубаев Мақсат

**Физика пән мұғалімдерінің тізімі:**

1. Алдияр Феруза

**Информатика пән мұғалімдерінің тізімі:**

1. Жарылқасын Асылан

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында математика пән бірлестігі мұғалімдері оқу процесін жаңартылған білім мазмұны негізінде ұйымдастырып, бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) мен тоқсан бойынша жиынтық бағалау (ТЖБ) тапсырмаларын жүйелі және сапалы түрде өткізді.

БЖБ мен ТЖБ тапсырмалары оқу бағдарламасында берілген оқу мақсаттарына сәйкес құрылып, оқу жетістіктерін әділ бағалауға бағытталды. Бағалау тапсырмалары оқушылардың білімін тексеріп қана қоймай, олардың ойлау қабілеті, математикалық тілде сөйлеу дағдысы, логикалық ойлау және есеп шығару тәсілдерін қолдану іскерліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

БЖБ өткізу бойынша:

БЖБ тапсырмалары әр бөлімнің соңында жоспарға сәйкес өткізілді. Тапсырмалар оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергенін, теориялық білімін практикада қолдану мүмкіндігін көрсетті. Жоғары нәтиже көрсеткен оқушылар алгебралық өрнектерді түрлендіру, теңдеулерді шешу, пропорциялар мен пайыздық есептер тақырыптарында жақсы көрсеткішке ие болды. Дегенмен кейбір сыныптарда мәтінді есептер мен геометриялық есептерде қиындықтар байқалды. Мұндай тапсырмаларда кейбір оқушылар есептің шартын дұрыс түсінбеу немесе логикалық тұжырым жасау қабілетінің әлсіздігін көрсетті. Мұғалімдер тарапынан мұндай сәттерге ерекше назар аударылып, сараланған тапсырмалар арқылы қолдау көрсетілді.

ТЖБ өткізу бойынша:

Тоқсандық жиынтық бағалаулар тоқсан соңында бекітілген кестеге сай өткізілді. ТЖБ тапсырмалары оқу бағдарламасында қамтылған барлық оқу мақсаттарын толықтай қамтыды. Әр тапсырма деңгейлік (білу, түсіну, қолдану, талдау) талаптарға сай құрылып, оқушылардың пән бойынша тоқсандық білімін әділ бағалауға мүмкіндік берді.

Талдау нәтижесінде келесідей көрсеткіштер анықталды:
- Орташа білім сапасы: 43%
- Үлгерім деңгейі: 100%
- Жоғары нәтиже көрсеткен сыныптар: 8 "А", 5 "Б" , 6 "Б"
- Ең көп қиындық тудырған тақырыптар: Геометриялық есептер, координаталық жазықтықтағы тапсырмалар, мәтінді есептер.

Мұғалімдер бағалау тапсырмаларын құрастыру кезінде саралау әдістерін ескеріп, оқушылардың қабілетіне қарай түрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсынды. Сонымен қатар, кері байланыс беру арқылы оқушылардың қатемен жұмыс істеуіне жағдай жасалды. Мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу, бір-бірінің БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын тексеру мен талқылау тәжірибесі енгізілді.

**БЖБ және ТЖБ өткізілу уақыты кестесі:**

| Сынып | Пән | Өткізу мерзімі | | Мұғалімнің аты-жөні |
|---|---|---|---|---|
| | | Іт | ІІт | |
| 5 «А» | Математика | 21.10 | 23.12 | Аслан Муслимович |
| 5 «А» | **Информатика** | 20.10 | 22.12 | Жарылқасын Асылан |
| 5 «Б» | Математика | 21.10 | 25.12 | Аслан Муслимович |
| 5 «Б» | **Информатика** | 21.10 | 23.12 | Жарылқасын Асылан |
| 6 «А» | Математика | 22.10 | 24.12 | Абдуқодирова Азиза |
| 6 «А» | **Информатика** | 21.10 | 23.12 | Жарылқасын Асылан |
| 6 «Ә» | Математика | 22.10 | 24.12 | Абдуқодирова Азиза |
| 6 «Ә» | **Информатика** | 23.10 | 18.12 | Жарылқасын Асылан |
| 6 «Б» | Математика | 21.10 | 25.12 | Аслан Муслимович |
| 6 «Б» | **Информатика** | 23.10 | 18.12 | Жарылқасын Асылан |
| 7 «А» | Алгебра | 22.10 | 24.12 | Аташев Мұхтар |
| 7 «А» | **Физика** | 23.10 | 19.12 | Алдияр Феруза |
| 7 «А» | **Информатика** | 22.10 | 23.12 | Жарылқасын Асылан |
| 7 «Ә» | Геометрия | 21.10 | 22.12 | Абдуқодирова Азиза |
| 7 «Ә» | **Физика** | 21.10 | 18.12 | Алдияр Феруза |
| 7 «Ә» | **Информатика** | 23.10 | 18.12 | Жарылқасын Асылан |
| 8 «А» | Геометрия | 22.10 | 23.12 | Таубаев Мақсат |
| 8 «А» | **Физика** | 20.10 | 22.12 | Алдияр Феруза |
| 8 «А» | **Информатика** | 20.10 | 22.12 | Жарылқасын Асылан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 «Ә» | Алгебра | 22.10 | 24.12 | Таубаев Мақсат |
| 8 «Ә» | **Физика** | 22.10 | 24.12 | Алдияр Феруза |
| 8 «Ә» | **Информатика** | 20.10 | 22.12 | Жарылқасын Асылан |
| 9 «А» | Геометрия | 23.10 | 24.12 | Таубаев Мақсат |
| 9 «А» | **Физика** | 20.10 | 22.12 | Алдияр Феруза |
| 9 «А» | **Информатика** | 21.10 | 23.12 | Жарылқасын Асылан |

## I. МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША ТАЛДАУ (5–9 сынып)

Жалпы сипаттама:
2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында 5–9 сынып оқушылары арасында БЖБ және ТЖБ тапсырмалары бекітілген оқу бағдарламасына сай ұйымдастырылып, білім деңгейін әділ бағалауға мүмкіндік берді.

Жетістіктер:
- 5–6 сынып оқушылары натурал сандар, бөлшектер, геометриялық фигуралар бойынша жақсы нәтиже көрсетті.
- 7–8 сыныптарда алгебра, теңдеулер, пайыздық есептерді шешу дағдылары қалыптасқан.
- 9 сынып оқушылары функциялар, квадрат теңдеулер тақырыбында жақсы меңгерген.

Қиындықтар:
- Мәтінді есептерді талдау
- Геометриялық дәлелдеулер
- Логикалық ойлау дағдылары

Ұсыныстар жасалынды:
- Қиын тақырыптарға қосымша сабақтар
- Сараланған тапсырмалар
- Математикалық сауаттылыққа бағытталған жұмыстар

## II. ФИЗИКА ПӘНІ БОЙЫНША ТАЛДАУ (7–9 сынып)

Жалпы сипаттама:
Физика пәнінен БЖБ және ТЖБ 7–9 сыныптарда жүйелі түрде өткізілді. Тапсырмалар жаңартылған бағдарлама талаптарына сай құрылып, оқушылардың тәжірибелік және теориялық білімдерін бағалауға бағытталды.

Жетістіктер:
- 7 сыныпта "Механикалық қозғалыс", "Күш" тақырыптары жақсы меңгерілген.
- 8 сынып оқушылары "Жылу құбылыстары" мен "Электр өрісі", "Агрегаттық күйлер" бойынша жақсы нәтиже көрсетті.
- 9 сыныпта "Центрге тартқыш үдеу", "Ньютонның заңдары" тақырыптары бойынша оң нәтижелер байқалды.

Қиындықтар:
- Физикалық шамалардың формулаларын қолдану
- Тәжірибелік есептерді шешу
- Графикпен жұмыс

Ұсыныстар жасалынды:
- Формула жаттықтыру жұмыстарын арттыру
- Лабораториялық жұмыстарды көбейту
- Пәнаралық байланысты күшейту (математикамен)

III. ИНФОРМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША ТАЛДАУ (5–9 сынып)

Жалпы сипаттама:
Информатика пәні бойынша БЖБ және ТЖБ тапсырмалары оқушылардың алгоритмдік ойлау, цифрлық сауаттылық және программалау негіздерін қаншалықты меңгергенін айқындады.

Жетістіктер:
- 5–6 сыныптарда компьютерлік құрылғылар, ақпарат түрлері, Paint, Word, PowerPoint жұмыстары жақсы меңгерілген.
- 7–8 сыныпта алгоритм, шартты операторлар, циклдар бойынша оң нәтижелер байқалды.
- 9 сыныпта Python тіліндегі программалау тапсырмаларын кейбір оқушылар сәтті орындады.

Қиындықтар:
- Программалау логикасы (цикл, шарт)
- Scratch/Python тапсырмаларында қателер
- Теориялық ұғымдарды нақты түсінбеу

Ұсыныстар жасалынды:
- Практикалық жұмыс көлемін арттыру
- Қадамдық нұсқаулықтармен жұмыс
- Дарынды оқушылармен жеке бағытталған тапсырмалар

**Гуманитарлық пәндер бірлестігінің I жартыжылдықта БЖБ мен ТЖБ өткізілуіне жасалған талдау қорытындысы**

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында гуманитарлық пәндер бірлестігінде бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсан бойынша

жиынтық бағалау (ТЖБ) мектептің күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес мерзімінде өткізіліп отырды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері:

1. Керимбекова Дина
2. Амирханова Үміт
3. Аблаева Ильмира
4. Еркінбек Мөлдір

Орыс тілі пән мұғалімдері:

1. Дадабаева Шахноза Садриддиновна
2. Нурсейтова Айдана Махмудқызы
3. Оралова Сауле

Шет тілі пән мұғалімі

1. Нұрлыбек Сауле Мақсатқызы
2. Турусбекова Зухра Адилқызы
3. Сейдазимов Аслан Талғатұлы
4. Зиябек Аида Галмжанқызы

Талдау бағыттары:

1. Жоспардың орындалуы:

– Барлық пәндер бойынша БЖБ мен ТЖБ нормативке сай уақытында өткізілді;

– Бағалау тапсырмалары критериалды бағалау талаптарына сәйкес құрылды;

– БЖБ/ТЖБ кестесі мұғалімдер мен оқушыларға алдын ала таныстырылды.

2. Оқушы нәтижелері:

– Оқушылардың көпшілігі «жақсы» және «өте жақсы» нәтижелер көрсетті;

– Жеке пәндер бойынша төмен нәтиже көрсеткен сыныптармен қосымша жұмыс жүргізу жоспарланды.

3. Мұғалімдер жұмысы:

– Мұғалімдер бағалау тапсырмаларын жаңартылған білім мазмұнына сай құрастырған;

– Рефлексия мен кері байланыс беріліп отырған;

– Тапсырмалардың күрделілік деңгейі сақталған.

4. Қорытынды:

– Жалпы гуманитарлық пәндер бірлестігінде жиынтық бағалау жұмыстары сапалы жүргізілген;

– Төмен нәтиже көрсеткен оқушылармен жеке түзету жұмыстары ұйымдастырылады;

– Келесі жартыжылдықта бағалау сапасын одан әрі арттыру, саралап бағалау әдістерін тиімді қолдану ұсынылады.

**ТЖБ өткізу бойынша:**

Тоқсандық жиынтық бағалаулар тоқсан соңында бекітілген кестеге сай өткізілді. ТЖБ тапсырмалары оқу бағдарламасында қамтылған барлық оқу мақсаттарын толықтай қамтыды. Әр тапсырма деңгейлік (білу, түсіну, қолдану, талдау) талаптарға сай құрылып, оқушылардың пән бойынша тоқсандық білімін әділ бағалауға мүмкіндік берді.

Мұғалімдер бағалау тапсырмаларын құрастыру кезінде саралау әдістерін ескеріп, оқушылардың қабілетіне қарай түрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсынды. Сонымен қатар, кері байланыс беру арқылы оқушылардың қатемен жұмыс істеуіне жағдай жасалды. Мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу, бір-бірінің БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын тексеру мен талқылау тәжірибесі енгізілді.

**БЖБ және ТЖБ өткізілу уақыты кестесі:**

| Сынып | Пән | Өткізу мерзімі | | Мұғалімнің аты-жөні |
|---|---|---|---|---|
| | | Іт | ІІт | |
| 5 «А» | Қазақ тілі | 21.10 | 23.12 | Амирханова Үміт |
| 5 «А» | Әдебиет | 20.10 | 22.12 | Амирханова Үміт |
| 5 «А» | Орыс тілі | 21.10 | 25.12 | Дадабаева Шахноза |
| 5 «А» | **Шет тілі** | 21.10 | 23.12 | Зиябек Аида |
| 5 «Б» | **Қазақ тілі мен әдебиеті** | 22.10 | 24.12 | Аблаева Ильмира |
| 5 «Б» | **Орыс тілі** | 21.10 | 23.12 | Дадабаева Шахноза |
| 5 «Б» | **Шет тілі** | 21.10 | 22.12 | Турусбекова Зухра |
| 6 «А» | Қазақ тілі | 22.10 | 24.12 | Аблаева Ильмира |
| 6 «А» | Әдебиет | 21.10 | 23.12 | Аблаева Ильмира |
| 6 «А» | Орыс тілі | 23.10 | 22.12 | Дадабаева Шахноза |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 «А» | **Шет тілі** | 20.10 | 23.10 | Турусбекова Зухра |
| 6 «Ә» | Қазақ тілі | 22.10 | 24.12 | Керимбекова Дина |
| 6 «Ә» | Әдебиет | 23.10 | 24.12 | Аблаева Ильмира |
| 6 «Ә» | Орыс тілі | 21.10 | 21.12 | Нурсейтова Айдана |
| 6 «Ә» | **Шет тілі** | 22.12 | 20.12 | Турусбекова Зухра |
| 6 «Б» | **Қазақ тілі мен әдебиеті** | 21.10 | 25.12 | Керимбекова Дина |
| 6 «Б» | **Орыс тілі** | 23.10 | 18.12 | Дадабаева Шахноза |
| 6 «Б» | **Шет тілі** | 20.10 | 22.12 | Турусбекова Зухра |
| 7 «А» | Қазақ тілі | 22.10 | 24.12 | Аблаева Ильмира |
| 7 «А» | Әдебиет | 23.10 | 19.12 | Аблаева Ильмира |
| 7 «А» | Орыс тілі | 21.10 | 23.12 | Оралова Сауле |
| 7 «А» | **Шет тілі** | 22.12 | 20.12 | Сейдазимов Аслан |
| 7 «Ә» | Қазақ тілі | 21.10 | 23.12 | Аблаева Ильмира |
| 7 «Ә» | Әдебиет | 21.10 | 22.12 | Аблаева Ильмира |
| 7 «Ә» | Орыс тілі | 21.10 | 18.12 | Оралова Сауле |
| 7 «Ә» | **Шет тілі** | 23.10 | 21.12 | Сейдазимов Аслан |
| 8 «А» | Қазақ тілі | 23.10 | 24.12 | Керимбекова Дина |
| 8 «А» | Әдебиет | 22.10 | 23.12 | Керимбекова Дина |
| 8 «А» | Орыс тілі | 20.10 | 22.12 | Нурсейтова Айдана |
| 8 «А» | **Шет тілі** | 20.10 | 22.12 | Турусбекова Зухра |
| 8 «Ә» | Қазақ тілі | 22.10 | 24.12 | Керимбекова Дина |
| 8 «Ә» | Әдебиет | 22.10 | 24.12 | Керимбекова Дина |
| 8 «Ә» | Орыс тілі | 20.10 | 22.12 | Оралова Сауле |
| 8 «Ә» | **Шет тілі** | 22.10 | 20.12 | Сейдазимов Аслан |
| 9 «А» | Қазақ тілі | 23.10 | 24.12 | Керимбекова Дина |
| 9 «А» | Әдебиет | 20.10 | 22.12 | Керимбекова Дина |
| 9 «А» | Орыс тілі | 21.10 | 23.12 | Нурсейтова Айдана |
| 9 «А» | **Шет тілі** | 21.10 | 19.12 | Турусбекова Зухра |

**Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 5–9-сыныптардағы І жартыжылдық тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) нәтижесіне талдау**

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында 5–9-сыныптарда Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары бекітілген жоспар мен критериалды бағалау жүйесіне сай өткізілді.

1. Өткізілу барысы:

– Барлық сыныптарда ТЖБ жұмыстары белгіленген мерзімде, тыныш әрі ұйымдасқан түрде өтті;

– Оқушыларға алдын ала ескертіліп, дайындық жұмыстары жүргізілді;

– Тапсырмалар білім алушылардың жас ерекшелігі мен деңгейіне сай құрылды.

Оқушылардың жетістігі:

– 5–6-сыныптар: Көпшілік оқушы грамматикалық нормаларды меңгеріп, мәтінмен жұмыс дағдыларын көрсетті. Дегенмен, шығармашылық тапсырмаларда сөздік қоры мен сауатты жазу деңгейі әртүрлі болды.

– 7–8-сыныптар: Оқушылардың әдеби талдау, өз ойын дәлелдеу, дәйексөз келтіру қабілеттері байқалды. Әсіресе әдеби теориялық ұғымдарды қолдануда кейбір оқушыларға қосымша жұмыс қажет.

– 9-сынып: Тапсырмалар күрделі болғанына қарамастан, оқушылардың көпшілігі мәтін мазмұнын терең түсініп, ой қорытуға тырысқаны байқалды. Эссе жазуда құрылым мен тілдік нормаларды сақтау деңгейі орташа.

Қиындықтар:
1. Жазылымда:

– Оқушылар ойын жүйелі жеткізе алмауы;

– Орфографиялық, пунктуациялық қателердің жиі кездесуі;

– Сөздік қорының жеткіліксіздігі.

2. Оқылымда:

– Мәтінді толық түсінбеу, негізгі ойды ажырата алмау;

– Мәтін бойынша сұрақтарға нақты жауап бере алмау;

– Талдау жасауда дәйектеме келтірмеу.

3. Әдебиет бөлігінде:

– Әдеби кейіпкерлерге сипаттама беруде нақты дәлел келтіре алмауы;

– Теориялық ұғымдарды дұрыс қолданбауы (мысалы, көркемдегіш құралдарды тану);

– Шығармадан мысал келтіріп, оны талдай алмау.

4. Уақытты тиімді пайдалану:

– Кей оқушылар ТЖБ-ға берілген уақытты дұрыс бөлмей, тапсырмаларды толық орындай алмады.

5. Сабақтағы белсенділіктің төмендігі:

– Кей оқушылар сабаққа аз қатысады, бұл олардың бағалау тапсырмаларындағы нәтижесіне әсер етті.

Осы қиындықтарды жою үшін саралап оқыту, қосымша тапсырма, жеке кері байланыс және оқушы қызығушылығына бағытталған әдістерді қолдану ұсынылады.

Қорытынды:

5–9-сыныптар бойынша ТЖБ тапсырмалары оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлау, мәтінді түсіну мен жазылым дағдыларын тексеруге бағытталған. Жалпы білім сапасы орта деңгейден жоғары. Дегенмен жазылымда орфографиялық, пунктуациялық және тіл байлығы бойынша олқылықтар бар. Алдағы уақытта әдістемелік қолдау мен саралап оқыту арқылы бұл көрсеткішті арттыруға болады.

**Орыс тілі пәні бойынша 5–9-сыныптарда I жартыжылдықтағы тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) нәтижесі**

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында 5–9-сыныптар арасында орыс тілі пәні бойынша ТЖБ тапсырмалары жаңартылған білім мазмұны мен оқу бағдарламасына сай құрылып, белгіленген мерзімде өткізілді.

1. Өткізілуі:

– Барлық сыныптарда ТЖБ бекітілген кесте бойынша, әдістемелік талаптарға сай ұйымдастырылды;

– Тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігі мен пәндік дағдыларына сәйкес құрылды;

– Бағалау критерийлері мен дескрипторлар арқылы әділ бағалау жүргізілді.

2. Оқушылар жетістігі:

– 5–6-сыныптар: Сөйлем құрау, сөз табу, грамматикалық ережелерді қолдану бағытында жақсы нәтиже көрсетті. Жазылым мен орфографиялық дағдыларды дамыту қажет.

– 7–8-сыныптар: Оқушылар синтаксис, пунктуация, стиль түрлерін меңгеруде орташа нәтижелер көрсетті. Диалог пен монолог құруда жетістіктер бар.

– 9-сынып: Оқушылар күрделі грамматикалық құрылымдарды талдауда, мәтінмен жұмыс істеуде белсенділік танытты. Эссе жазу барысында ойды жүйелеу мен тілдік нормаларды сақтауда кейбір оқушыларға қосымша қолдау қажет.

3. Қиындықтар:

– Сөздік қордың жеткіліксіздігі;

– Жазылымда орфографиялық, пунктуациялық қателер;

– Мәтінмен жұмыс барысында негізгі ойды ажырата алмау;

– Көп мағыналы сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін дұрыс қолданбау.

4. Қорытынды және ұсыныстар:

– Жалпы нәтиже қанағаттанарлық деңгейде;

– Сөйлеу, жазу, тыңдалым және оқылым дағдыларын дамыту бағытында қосымша жұмыс қажет;

– Саралап оқыту, жұптық/топтық жұмыс, жаттығу жазбалары арқылы дағдыларды жетілдіру ұсынылады;

– Әр оқушыға жеке кері байланыс беру арқылы алдағы ТЖБ сапасын арттыру жоспарлануда.

**Шет тілі (ағылшын тілі) пәні бойынша 5–9-сыныптардағы І жартыжылдықтағы тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) нәтижесі**

2025–2026 оқу жылының І жартыжылдығында 5–9-сыныптарда шет тілі пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) тапсырмалары жаңартылған білім беру мазмұны мен оқу бағдарламасына сәйкес құрылып, оқу жоспарына сай уақытында өткізілді.

1. Өткізілу барысы:

– Барлық сыныптарда ТЖБ бекітілген кестеге сай өткізілді;

– Бағалау критерийлері мен дескрипторлар алдын ала түсіндірілді;

– Тапсырмалар тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым дағдыларын бағалауға бағытталған.

2. Оқушылардың жетістігі:

– 5–6-сыныптар:

Оқушылар негізгі сөздер мен құрылымдарды меңгерген. Тыңдалым мен оқылым бойынша жақсы нәтиже көрсетті, бірақ жазылым мен айтылымда кейбір қиындықтар байқалады.

– 7–8-сыныптар:

Грамматикалық құрылымдарды қолдану, мәтінмен жұмыс істеу, қарапайым диалог құру бойынша нәтижелері орташа деңгейден жоғары. Айтылымда сөздік қордың шектеулілігі кедергі келтіреді.

– 9-сынып:

Көпшілік оқушылар мәтін құру, эссе жазу, өз ойын жеткізу барысында жетістік көрсетті. Тапсырмаларды орындауда жауапкершілік жоғары. Дегенмен, кей оқушыларда тілдік стиль мен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда қиындық бар

3. Қиындықтар:

– Оқушылардың айтылым дағдысы төмен (еркін сөйлеу, ойды ағылшын тілінде жеткізу);

– Жазылымда грамматикалық қателер жиі кездеседі;

– Тапсырма мазмұнын толық түсінбеу салдарынан жауаптың толық болмауы;

– Тыңдалым тапсырмаларында дикция мен сөйлеу қарқынына байланысты түсінбеушілік.

4. Қорытынды және ұсыныстар:

– Жалпы нәтиже – қанағаттанарлық деңгейде. Оқушылардың көпшілігі оқу мақсаттарын орындады.

– Грамматикалық құрылымдарды меңгеру үшін деңгейлік тапсырмалар беру ұсынылады;

– Тыңдалым мен айтылымды дамыту үшін видео-аудио материалдарды жиі қолдану ұсынылады;

**Талдау жүргізген:** Жунисбекова Б

**Лауазымы:** ДОУ.ЖО

**Қолы:** Жун

**Күні:** 13.02.2026 ж